

«Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылдың 1 қаңтарына мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызмету туралы есебі

1. Жалпы ережелер.

1. «Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – бөлім) Панфилов ауданының аумағында дене шынықтыру және спорт саласындағы функцияларды орындауға уәкілетті мемлекеттік мекеме болып табылады.

2. Бөлім өз қызметін мемлекеттік қызметтерді жүзеге асыру негізінде Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» туралы Заңы негізінде жұмыс атқарады.

Қызметті беруші туралы мәлімет: «Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» мемлекеттік мекемесі, почталық мекен-жайы: 041300, Алматы облысы, Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Головацкий көшесі № 129, байланыс тел. номері: 8(72831) 5-01-40

2017 жылға көрсетілген мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат:

Көрсетілген қызметтер саны барлығы – 10ның ішінде;

- «Екінші және үшінші разрядтар, бірінші, екінші және үшінші жасөспірімдік разрядтар, біліктілігі жоғары және орта деңгейдегі екінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі екінші санатты нұсқаушы-спортшы, біліктілігі жоғары екінші санатты әдіскер, спорт төрешісі спорттық санаттар мен разрядтарын беру» туралы - 101;

- "Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет -0.

2. Көрсетілетін қызметті алушылармен жұмыс

Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпараттарға кол жеткізу көздері мен орындары: «Панфилов ауданының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ ғимаратында көрнекті ақпарат құралдары – стандарттар мен регламенттердің мәтіні ілінген стендтер орналастырылған. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер көрсету процесінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін азаматтарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бақылау

2018 жылдың 1 қаңтарға көрсетілетін мемлекеттік қызметті алушылардан шағымдар түскен жоқ.

Ескертпе: есеп «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі № 88-V Заңының 23-бабының 5 және 6-баптарына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру және мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын жетілдіру мақсатында ұсынылды.

Панфилов ауданының
дене шынықтыру және спорт
бөлімінің басшысы



Е.Конашов